

№ 1 «31» «08» 2021ж  
Педкеңесте қаралды

Бекітемін:  Л.Х.Еспанова  
Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ ҚММ директоры




Келісемін:  Б.Д.Сейлханов  
Аудандық білім бөлімінің басшысы



### Тақырыбы

Ойна да, ойла  
вариативтік компонент

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы  
Орындаған: А.Д.Куаныш

ӘБ отырысында қаралды:  А.Д.Атыгаева  
ӘБ жетекшісі

№ 1 хаттама 28.08.2021ж.

Тексерілді:  А.Ж.Шайхина  
Әдістемелік ісі орынбасары

## Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Сиқырлы логика әлемі» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Сиқырлы логика әлемі» вариативтік компонент мектепке дейінгі (6-7 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС-ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған «Қызықты логика әлемі» вариативтік компонент 6 - 7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОІӨ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр», «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін, көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына:

-Бағдарлама;

-күнтізбелік жоспар 33 сағатқа бағытталған;

-ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық карталары;

қосымша материал: логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Монгол» ойыны сөзжұмбақтар, жұмбақтар, санамақтар.

**Мақсаты:**

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.;
- талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;
- зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту,

**Күтілетін нәтиже:**

- Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;
- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру

## Мазмұндық бөлім

### **1. Қызықты пішіндер әлемі – 14 сағат**

Бұл бөлімде балалар геометриялық пішіндермен танысады. Шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, ромб, бесбұрыш, жұлдыз, сопақ, алтыбұрыш, жарты шеңбер туралы түсініктерін кеңейтеді. Жазықтықтағы бейнелерді құрастыру арқылы ойлау, қиялдау қабілеттері дамиды.

### **2. Көңілді сандар – 11 сағат**

Балалар 1 – ден 20- ға дейінгі сандардың дұрыс айтылу, жазылуымен бірге, тура және кері санау арқылы машықтанады. Таңбаларды тану арқылы қосу (+), азайту (-), артық, кем таңбалары арқылы білімдерін кеңейтеді.

Қиял – ғажайып ертегілерді тыңдау барысында қиялдарына ерік беріп, ғажайып оқиғаларға қызығушылығы оянады. Өмірде әділдік, қайырымдылық, қамқорлық деген жақсы қасиеттердің әрқашанда зұлымдықты жеңетіне сенеді.

Адалдыққа, жақсылыққа талпынады.

### **3. Білімпаздар әлемі – 8 сағат**

Санамақ, жаңылтпаш, сөз жұмбақтар арқылы балалардың ойлау қабілеті дамиды.

Сыно да Ойла

Нормативті бөлім

Барлығы 33 сағат. Аптасына 1 сағат

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	Сиқырлы сандар Кіріспе	Математика пәні және оның оқыту объектісі жайлы, сандар жайлы түсінік беру.	1	7.09.2021
2	Санау білесің бе?	Сандар жайлы түсінік беру. Заттарды санату.	1	14.09.2021
3	Сандармен амалдар орындау	Сандар жайлы түсініктерін тереңдету. Санамақ түрлерімен таныстырып, оларды жаттату.	1	21.09.2021
4	Жиын. «Бір, аз, көп» ұғымдары	Балалардың топтардан жеке заттарды ажыратып алуға, «біреу», «көп», «аз» ұғымдары арасындағы қарым-қатынасты орнату.	1	28.09.2021
5	Жиын. «Бір- көп» ұғымы	Өртүрлі заттарды жиынға біріктіру ұғымын қалыптастыру, жиын элементтерін бөле білуге жаттықтыру Заттар арасындағы бір-біріне ұқсайтын жерлерін көрсету.	1	5.10.2021
6	Жиын. «Көп , біреу және бір- бірден» ұғымдары	Жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құрып, жіктеу. Екі немесе одан да көп жиындарды біріктіру және жиыннан оның бөлігін ажыратып, көрнекі түрде кескіндеу. Заттардың сәйкестіктерін табу. Сол топтағы бірнеше топтағыны топтарға бөлу, балалардың сөздік қорын толықтыру.	1	12.10.2021
7	Кеңістікті бағдарлау	Заттардың кеңістікте орналасу қалпымен (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) таныстыру. Заттарды жай ғана орналастыра салмай белгілі бір тәртіппен орналастыруға үйрету.	1	19.10.2021
8	Жеті ағайындар	Уақыт туралы түсініктерін дамытып, апта күндерін ретімен айта білуге үйрету. Таң, күн, кеш, түн деген уақыт мезгілдер туралы түсініктер қалыптастыру. Дидактикалық ойындар, тапсырмалар арқылы уақыт туралы білімдерін қалыптастыру.	1	26.10.2021
9	Не үйрендік?»	Балалармен ай аттары, апта күндерін қайталау. 10-ға дейін реттік	1	9.11.2021

		және кері санауды білуге үйрету.20-ға дейін сандардың кез келгенінен бастап санауды үйрету.Екі кіші саннан сан жасауды үйретуді жалғастыру.Кеңістікті анықтай білуге,өзі тұрған жердің сол жағы,оң жағы, алдыңғы жоғары,төмен деген сөздерді айта және анықтай білуге үйрету.Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.		
10	Дөңгелек пен шеңбер.	Дөңгелек және шеңбер жайлы түсінік беріп беріп, олардың радиусы мен диаметрін қарапайым заттармен өлшеуге үйрету.	1	16.11.2021
11	Төртбұрыштар мен үшбұрыштар сыры	Төртбұрыш пен үшбұрыштың түрлерімен таныстыру. Тапсырмалар орындау.	1	23.11.2021
12	Сан қырлы фигуралар әлемі	Айналамыздағы сан қырлы фигураларды тауып, олардың математикалық терминін атап үйрену.	1	30.11.2021
13	Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі,материалы)	Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру;	1	7.12.2021
14	Бірдей. Өртүрлі. Заттарды өртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	Заттарды өртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «өртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;	1	14.12.2021
15	Заттардың белгілерінің өзгеруі.	Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру:	1	21.12.2021
16	Бұрыш. Бұрыштың түрлері	Бұрыш, бұрыштың түрлері туралы қарапайым түсінік беру. Мысалдар келтіру арқылы білімдерін тереңдету.	1	28.12.2021
17	Жер – ортақ үйіміз	Шар денесі жайлы түсінік беру. Жаратылыстану сабағымен байланыстыра отырып, зерттеу жүргізу.	1	18.01.2022
18	Біз не үйрендік?	Оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау.	1	25.01.2022
19	Есеп	Есеп туралы ұғымдарын қалыптастыру, есепке байланысты	1	1.02.2022

		терминдерді (шарты, сұрағы, шешуі, жауабы) меңгерту. Есептің қысқаша жазылуы туралы түсінік беру.		
20	Есептердің түрлері. Жай есептер.	Жай есептердің түрлері және оларды шығару жолдарымен таныстыру. Оқушылардың есеп шығару және есептеу қабілеттерін арттыру.	1	15.02.2022
21	Біз не үйрендік?	Оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау.	1	22.02.2022
22	Қызықты тапсырмалар. «Ия және жоқ деп айтпаңдар» ойыны.	Ой толғаныс. Әр топ алдарындағы цифрды жоқ постерге қайтадан осы ретпен орналастыру.	1	1.03.2022 (8.03.2022)
23	Қызықты тапсырмалар «Адасқан көжекті хайуанаттар бағына жеткіз» ойыны	Шытырман жолдардың ішінен баққа апаратын жолды сызып көрсету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.	1	
24	Қызықты тапсырмалар «Логикалық есептер қонақта» ойыны.	Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлауын дамыту. Логикалық есептер шығаруға үйрету.	1	15.03.2022 (22.03.2022)
25	Қызықты тапсырмалар «Жоғалған затты тап» ойыны	Заттардың санан ақырындап өсіре отырып сандар жинын құрастыру. Шапшаңдыққа баулу.	1	
26	Қызықты тапсырмалар «Компьютерлік ойындар» ойыны	Оқушылардың миында нақты бейнелер құралып, қабылдауын жақсартуға септігін тигізеді. Есте сақтау қабілеттерін жақсартып, сөздік қорын дамыту.	1	5.04.2022
27	Қызықты тапсырмалар «Аяқталмаған суреттер» ойыны	Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	12.04.2022
28	Математикалық жаңылтпаштар. «Жылдам, бірақ, қателеспе» ойыны.	Математикалық жаңылтпаштар туралы түсінік беру. Ойын арқылы білімдерін дамыту.	1	19.04.2022
29	Қызықты тапсырмалар Математикалық ребустар, сөзжұмбақтар шешу.	Математикалық ребустар, сөзжұмбақтар шешуге үйрету.	1	26.04.2022

30	Бағыт – бағдар. Сол жақтан – оң жақтан.	Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.	1	3.05.2022
31	Сикырлы таяқшалар	Балаларды (5-7) (7-9) таяқшаларды пайдалана отырып,геометриялық пішіндер құрастырып үйрету.Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету.Санау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,ойлау қабілеттерін дамыту.	1	10.05.2022
32	Біз не үйрендік ?	Оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау	1	17.05.2022
33	Қорытынды сабақ	Оқушылардың оқу жылы бойы алған білімдерін қорытындылау, бекіту, бағалау.	1	24.05.2022



### **Ақпараттық – әдістемелік бөлім**

- а) Сабақты қызықты, әрі тиімді өткізу мақсатында ойын технологиясын қолданамын. Заттың пішінін ажырата білуге, сандарды дұрыс, әдемі жазылуына мән беруге баса назар аударамын. Дидактикалық ойындар арқылы («Көршісін тап», «Кім жылдам», «Тез, ойлан» т.б.) балалардың ойлау қабілетін, ой – өрісін дамытсақ, санамақтар, ребус, сөз жұмбақтар, логикалық есептер арқылы есте сақтау қабілетін дамытып, ұшқыр ойға, ұтымды жауап беруге баулу, пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру. Ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.
- ә) Балаларға топтық мадақтау жүйесін қолданам

## Қолданылған әдебиеттер

### Тәрбиеленушілер үшін қолданылған әдебиеттер:

1. Астана.Алматы 1999 жыл.Балабақша 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы.
2. З.А.Михайлова 1985 жыл. «Игровые занимательные задачи для дошкольников».
3. Алматы «Рауан» 1971 жыл.М.Сәтімбекова «Санауды үйренейік».
4. Алматы 2000 жыл « Отбасында баланы мектепке дайындау».
5. М.Просвещение 1988 г. Л.С.Метлина « ФЭМП ».

### Мұғалімдер үшін қолданылған әдебиеттер:

1. Математика "Логика" "Өлке" баспасы 2012 ж  
Авторлары: Ардақ Мұқышева, құрастырған Рамазан Омаров.
2. "Аруна баспасы" 2007 ж "Геометриялық фигуралар" Авторлары: Г. Долженко. Е. Өтетлеуұлы. А. Байгабылова
- 3." Қызықты математика" 2013 ж Авторы Куканбаева Светлана Алимовна
4. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы , 2012ж
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттері, 2003
6. Психологиялық тапсырмалар мен ойын, жаттығулар. Жұмабекова Ф. 2003 ж.